№16561381-1 мемлекеттік сатып алу конкурсының қорытындысына

ШАҒЫМ

Мен, ЖК «G-Hub» директоры Дүйсебеков Галимжан Асылханович, №16561381-1 «Қызылорда облысы әкімдігінің Ситуациялық орталығы мен конференц-залдарына техникалық қолдау көрсету және сервистік қызмет көрсету» конкурсына қатысу бойынша конкурстық комиссияның бір маманның бірнеше функционалдық рөлдерді қатар атқаруына байланысты **конкурсқа қатысуға жіберуден бас тарту туралы шешіміне келіспейтінімді білдіремін.**

Аталған шешімнің заңдық негізі көрсетілмеген. Конкурстық комиссия бұл шешімді қандай заңнамаға және нормативтік құқықтық актіге сүйене отырып қабылдағанын **анық көрсетуі қажет.**

Негіздеме:

1. **Заңнамалық негіздердің болмауы:**
   - Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қаидалары және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі бір қызметкердің бірнеше лауазымды немесе функционалдық рөлді қатар атқаруына тыйым салу көзделмеген.
   - Қазақстан Республикасының **2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексінің 111-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына** сәйкес, лауазымдарды қоса атқаруға *(қызмет көрсету аймағын кеңейтуге)* тараптардың келісімі бойынша жол беріледі және ол заңды болып табылады.
2. **Конкурстық құжаттама талаптары:**
   Конкурстық құжаттамада кемінде 7 маман болуы талап етілгенімен, әрбір біліктілік үшін жеке маман ұсыну міндеттілігі нақты көрсетілмеген. Осыған сәйкес, бір маманның бірнеше функционалдық рөлді қатар атқаруына қарсы қою **қосымша және негізсіз талап болып табылады.**
3. **Маманның кәсіби қабілеті:**
   ЖК «G-Hub» ұсынған маман барлық талап етілген сертификаттарға ие және техникалық қолдау мен сервистік қызмет көрсетуді орындауға **толық қабілетті.**

Жоғарыда баяндалғандарды негізге ала отырып СҰРАЙМЫН:

1. **№16561381-1 қорытындылар хаттамасын қайта қарау;**
2. **ЖК «G-Hub» өтінімін біліктілік талаптарына сәйкес деп танып, конкурсқа қатысуға жіберу;**
3. **Конкурстық комиссияның конкурстық құжаттамада көзделмеген қосымша талаптарды қолдануы арқылы қабылдаған шешімін заңсыз деп тану.**

Құрметпен,

ЖК «G-Hub» директоры Г.А. Дуйсебеков